

МЕББМ «ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕИ МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ СОӨЖ

Тақырыбы: Қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси құрылымы

Орындаған: Жубатова Патриция

Топ: 106 «Б»

Факультет: СФ

Тексерген: Тәңірбергенова Рәзия

Алматы 2016

Жоспары:

1. XV—XVIII ғасырлардағы Қазақ мемлекеттігі
2. XVII ғасырдағы мемлекет нышандары
3. Билер институты. Құрылтай
4. «Жеті Жарғы»
5. Меншік қатынастары. Салықтар мен міндеткерліктер
6. Пайдаланылған әдебиет

XV—XVIII ғасырлардағы Қазақ мемлекеттігі

XV ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптаса бастаған Қазақ мемлекеттігі Тәуке ханның билігі тұсында өзін басқа көршілеріне мойындатқан Орталық Азиядағы мемлекеттердің біріне айналды. Оның бұл кездегі ішкі құрылымы мен сыртқы жағдайынан дербес мемлекетке тән негізгі белгілерді анық байқауға болатын. Бұл уақыт мемлекеттік құрылымның түзілуіне негіз болған, өзіне тән тілі, салт-дәстүрі, мінез ерекшелігі, атамекені, сондай-ақ ортақ мүддесі бар қазақ ұлтының қалыптасу кезеңі еді. Қазақ хандығының құрамына енген ру-тайпалардың өзара экономикалық, мәдениет және қоғамдық-саяси байланыстарының нығая түсуі, этностық аумағының анықталуы, осының негізінде ортақ жалпы ұлттық мүдденің қалыптасуы және оны сырттан төнген қауіптен ұйымдасқан түрде қорғау қажеттігі белгілі дәрежеде орталықтандырылған басқарушы билік жүйесінің пайда болып, оның ширай түсуіне алып келді.

XV—XVII ғасырлардағы қазақ тарихы ру-тайпалық мүдде мен жалпы мемлекеттік мүдделердің өзара тартысы жағдайында өтті. Еларалық қатынастар тынымсыз жаугершілік пен феодалдық қақтығыстардан тұрған бұл тарихи кезең жалпыұлттық мүдденің маңызын тура түсініп, мақсатты және саналы түрде қызмет жасаған белсенді тұлғаларды да өмірге алып келді. Бұл тұлғалар, ұлттың өзін-өзі тануы, басқа этностармен қатынаста өз мүддесін түсінуі нәтижесінде өмірге келсе, өз ретінде олар ұлттық ұюдың тезірек жүруіне, ұлттық құндылықтардың пісіп-жетілуіне пәрменді ықпал жасады. XVII ғасырда қазақ халқы сандық және сапалық өсу жолында тұрды, ол жалпыұлттық сананың қалыптасуына ұласты, ал бұл рухани-интеллектуалдық дәрежеде жүретін жинақы көрініс мемлекеттік құрылымның бой

Ортағасырлық дәстүрлі түркілер қоғамында тек хандар ғана сайланды. Бұл салт қазақтарға да тән еді, ал хандық билік Шыңғыс хан ұрпағы саналатын төре (сұлтан) тұқымына ғана тиесілі болды. Қарадан хан сайланған емес. Хан ел билеуші сұлтандар мен билердің, дінбасылар және ел арасындағы беделді адамдардың жалпыұлттық құрылтайында сайланды.

Ел арасында аса беделді үш би сайланған. Хандық билік әкеден балаға мұраға өткен. Сонымен бірге қалыптасқан дәстүр бойынша сайланған хан өзінің хандық билікке лайық екендігін ылғи да атқарған ісімен, қоғамдық мәселелерді шешуде ақыл-парасатымен

Орыс тарихшысы А.Левшин қазақ мемлекеттігінің осы кезеңі туралы: Ол (яғни, Тәуке хан) өзінің ақыл-парасатымен және әділдігімен бәрін де өзіне бағынуға мәжбүр етті... және жалпыға ортақ заң беріп, сол бойынша төрелік жасады, сөйтіп күшке емес, ақылға, тәжірибеге және айлаға сүйенді. Әрбір Жүздің ерекшелігін ескере отырып басқару және бақылап отыру үшін оған бағынышты үш би сайланды:

Ұлы жүзде — Төле,

Орта жүзде — Қазыбек,

Кіші жүзде — Әйтеке билер.

Қазақ хандығында мемлекеттіктің барлық негізгі белгілері болды. Хан — мемлекет басы, ал оның жанында тұрақты билер кеңесі жұмыс жасады. Тәуке хан тұсында билер институтының белсенділігі өсіп, олар күнделікті құқық, шаруашылық, әскери және идеологиялық істерді жүргізуде маңызды орынды иемденді. Хан сарайы жанында сенімді адамдардан құралған қарулы топ — төлеңгіттер ұсталды. Төлеңгіттер жекелеген ірі сұлтандар жанында да болды. Төлеңгіттер түрлі міндеттер атқарды, солардың ішіндегі ең маңыздысы, әрине, халықтан алым-салық жинау. Салықтың көлемі «Жеті Жарғы» бойынша былай анықталды: «Сұлтандардан басқа барлық қару асынатандар хан мен ел билеушілеріне жыл сайын мүлкінің 20-дан бір бөлігін салық ретінде төлейді».

Аса маңызды жалпыұлттық мәселелер, соның ішінде басқа елдермен қатынас сипаты, әскери іс жылда күзде шақырылатын жалпы-халықтық Құрылтайда талқыға түсті, ал оның шешімін орындау және басшылыққа алу барлық буындағы билеушілерге міндеттелді. Құрылтайдың шешімін тек Құрылтай ғана өзгерте алатын еді.

«Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» атты заңдық ережелер, кейін оларды ауыстырған «Жеті Жарғы» қоғамдық қатынастарды реттеп отыруда жетекші міндет атқарды. Хандықтың астанасы және елдің рухани орталығы — Түркістан қаласы болды.

Қорыта айтқанда, Тәуке хан кезеңі қазақ қоғамында мемлекеттік басқару жүйесінің біржола калыптасуымен сипатталады. Тәуке хан қазақ билеушілері арасында өз билігін үш жүзге түгел жая білген хан болды. Сонымен бірге Тәуке ханның өлімінен соң бұл мемлекеттік жүйенің әлсіз жақтары да байқалды. Қуатты мемлекеттік басқару жүйесінің жоқтығы салдарынан қазақ қоғамы тағы да феодалдық бытыраңқылық жолына түсті.

Бұл жағдай біріншіден жекелеген билеушілердің билікке жетпесін, екіншіден қазақ

Қазақ қоғамындағы түбегейлі әлеуметтік және саяси өзгерістерден заңдық ережелер жинағы — «Жеті Жарғы» өмірге келді. Ол XVIII ғасырдың бас кезінде Тәуке ханның тапсыруы бойынша сол тұстағы белгілі Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке және басқа билердің қатысуымен жазылды. Ереже қазақ қоғамында сол уақытқа дейін мәлім болған заңдық ережелердің табиғи жалғасы, сондай-ақ заман талабына бейімделген нұсқасы еді. «Жеті Жарғы» — қазақ қоғамындағы қоғамдық қатынастарды белгілі бір жүйеге түсірген жеті тараудан тұратын ережелер жинағы. Яғни, ол қоғамдық өмірдің мынадай жеті саласындағы даулы мәселелерді заңдық тұрғыдан шешіп отыруды көздеді:

жер дауы,
жесір дауы,
құн дауы,
ұрпақ тәрбиесі және отбасы қатынасы,
қылмыс үшін жауапкершілік (ұрлық, барымта, адам қорлау, т.б.),
ру-тайпа аралық дау және елді жаудан қорғау.

Қасым хан, Есім хан заманында адам өлтірген айыпкер өте ауыр жазаланды, яғни оның өзі ғана өлім жазасына кесіліп қоймастан, отбасы да ойрандалды. «Жеті Жарғы» енді айыпкерге жеті түрлі жаза белгілейді. Олардың арасында

«қара қазан» (айыпкерге өлім жазасы),
«қара нар» (айыпкерге өлтірілген аса беделді кісіні Түркістанға апарып жерлетіп, құнын төлету),
«қара мылтық»,
«қара кілемт» т. б. жазалар болды.

Мұндай өзгерістер, белгілі дәрежеде, қоғам өмірінде жеке адам рөлінің арта түскендігін, өмірлік құндылықтарға байланысты көзқарастың өзгеріске ұшырағандығын білдірсе керек. Мәселен, «әйелді ренжіткен адам одан кешірім сұрауға тиіс, сұрамаса, арсыздығы үшін айып салынады» деп көрсетілген бап та осы мазмұндағы өзгерістер қатарына жатады.

Меншікті қорғау — ереженің негізгі міндеттерінің бірі. Жайылым мен егістік — ру, ал мал — отбасы меншігінде. Ереже ақсүйектердің құнын қарашанікінен жеті есе жоғары қойды.

«Жеті Жарғы» — ұрлық, қарақшылық, зорлық-зомбылық, сондай-ақ моральдық азғындау сияқты жат қылықтарға байланысты өте қатал шараларды қарастырды. Мәселен, «Әйел зорлау кісі өлтірумен бірдей қылмыс болып есептеледі», т.б.

«Жеті Жарғыда» сондай-ақ шарифат жолдары да қарастырылды. Онда: «Құдайға тіл тигізген кісі (7 адам куәлік берсе) таспен атып өлтіріледі, көпір болған адам мал-мүлкімен айдалады», — деп көрсетілді.

Ережеге «Құл өмірі құнсыз, ол қожайынның билігінде» деген бап енгізілді. Тәуке ханның Ережелер жинағы қазақ қоғамында Ресейдің Уақытша Ережесі енгізілгенге дейін, 1867—1868 жылдары, негізгі заңдық ереже міндетін атқарды.

Меншік қатынастары. Салықтар мен міндеткерліктер

XVI—XVII ғасырлар Қазақ мемлекетінде меншік қатынастары болды. Мұны Шыңғыс хан тегінен шыққандардың белгілі бір қалаларды иеленуінен, үлестік жүйенің сақталуынан көреміз. Мәселен, қазақ ханы Есім Түркістан қаласын биледі, ал сол кезде Ташкент Тұрсын ханның қолында болды.

Жалпы, жер иелену мен жерге деген меншік түрлері мынадай болды:

икта,
сойырғал,
вакуф,
милк.

Икта — дәстүрлі мағынасында Орталық Азияда Қарахан мемлекеті кезінен белгілі. Арабша «кесінді жер» деген мағынаны береді. Әскери-азаматтық қызметі үшін сыйлық ретінде уақытша жер пайдалану және салық жинау құқын білдіреді.

XIV ғасырдың соңына қарай бұл уақытша жер иелену түрі неғұрлым кеңейтілген құқықтар берілген сойырғалмен ауыстырылды. Сойырғал «сыйға тарту» деген мағына білдіреді. Иктадан айырмашылығы — өмір бойына берілді, демек, мұрагерлікке қалдырылды. Салық жинаумен қатар сот-әкімшілік істерін де басқару мүмкіндігіне қол жеткізді.

Вакуфтық жер — салық салынатын мұсылман дінбасы мен мекемелеріне тиесілі жерлер.

Милк — жер телімдеріне және халықтан жиналатын салыққа жеке меншік құқы.

Райаттар — негізінен, қаладағылар және жер өңдеушілерден тұратын салық төлеуші

Алым-салықтардың мынадай түрлері өмір сүрді:

Хараж — жер өңдеуші егіншілерден алынатын салық.

Баж — саудагерлерден алынатын жол салығы.

Жасақ — көшпелі малшылардан алынатын салық.

Қамсыздандыру үшін алынатын заттай алым:

Зекет — мұсылмандардан сауда мен жылжымайтын мүлік үшін алынатын заттай алым.

XVI—XVIII ғасырларда Қазақстан аумағын мекендеген тұрғындар төмендегідей міндеткерліктер атқарды:

Мардикар — суландыру арықтарын қазу, тазарту, көпірлер, жолдар салу, жөндеу жұмыстары, парсыша «мард» — адам, «кар» — іс, жұмыс.

Құналғы — әскер бөлімдерін лайықты қабылдау.

Жамылғы — әкімшілік адамдарын қабылдау (үй-жаймен, құралмен, тамақпен қамтамасыз ету).

Салықтар, алымдар және міндеткерліктер қарапайым халық үшін ауыр салмақ болып саналды.

Пайдаланылған әдебиет

Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, т.б. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006